

«Bal-Aiym» бөбекжай-бақшасы



Армысың, әз-Наурыз

Тобы: «Балдырган»

Тәрбиешілер: Ергашова Г

Қайранова С



2024-2025 оқу жылы

Жүргізіші: Армысыздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын!

Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік

Ән «Наурыз көктем»

Жүргізуші: Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіндер ме!

Балалар: Қыдыр Ата! Наурыз Эже!

Жүргізуші: Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамызды шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

Қыдыр АТА: Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейің
Ыңғыласпен қол жайсан,
Ақ тілекті төгейін
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!

Әумин!

Наурыз Эже:

"Наурыз келсе, құт келгені, халайық!"

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық (отырған қонақтарға шашу шашу)

Жүргізуші: Қыдыр ата! Наурыз Эже! Ортаға жайғасындар бүгін біздің ауылда үлкен той болғалы жатыр бізben бірге тойлатыңыздар!

(*Ортага барып отырады*)

Тәрбиеші: Балалар, көктем келді! Көктем келсе айнала төңірекке жан кіреді. Алыс жақтан құстар ұшып келеді, қысқы үйқысынан андар оянады. Табиғат жаңарып, гүлденеді. Эр халықта көктем мерекесі әртүрлі тойланады. Балалар бұл мереке қалай аталады?

Балалар : Наурыз.

Тәрбиеші: Бақта құстар сайрайды.

Жайнап көктем нұрымен.

Жаңа дәстүр жырымен.

Ел наурызды тойлайды.

Ендігі кезекті балалардың наурызға арналған тақпақтарына береміз.

Альтайыр

Айналаңнан жаңа көктем лебі ескен,

**Бұл кезеңде күн менен түн теңескен.
Сан ғасырлық ата-баба салтына
Көпір болған Наурыз өзің емес пе ең?!**
Асылым

**Болмасын тек Арудың қабағы мұн,
Жалыны байқалсыншы жанарының.
Мынау Дала сілкінер шағы туды,
Наурыз келіп қалыпты - Жаңа жылың!**
Асқаржомарт

**Таудан құлап тәгіліп, саулап қырдан
Жып-жылы леп жаңартып таңды аттырған
Алты ай қыс арқасына батқан ерден
Тіршілік босанып, бір аунап түрған
Мадина**

**Біреуім екеу болып, мал қосылды,
Қорама жүз-жүз лақ, қозы толды.
Ыңғарлы, қыс-зымыстан, сұық кетіп,
Аспаннан күн күлімдеп, шырай [қонды] енді.**
Муса

**Мерекеміз Наурыз –
Халық күткен бақ-ырыс.
Адамдардың аңсары,
Бір-біріне сағыныш.**

Тәрбиеші: Наурыз мейрамы – өте ерте заманнан бері тойланып келе жатқан тұрмыстық мереке. Ол парсының «Наурыз» жаңа күн деген сөзінен шыққан. Бұл жөнінде халқымыздың кеменгер ұлдары Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтурсынов біршама деректер жинаған, күн мен түн теңелген, мал төлдеп, адамның аузы ақта тиген, жер бусанып, малдың аузы көкке тиген ырыстың басын қазақ елі «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған.

Тәрбиеші: Наурыз жырын жырлаймыз,

Осыменде тұрмаймыз.

Шындалып жеткен бұл күнге,

Ел дәстүрін сыйлаймыз. дей келе

Ендігі кезекті қыздарымызды «Құстар» биімен қарсы алыңыздар.

Ойын: «Орамалды қағып ал, сөз жалғасын тауып айт»

1. Ұлыс оң болсын,...ақ мол болсын.

2. Ұлыс бақты болсын,...тәрт түлік ақты болсын.

Ұлыс береке берсін.....бәле жала жерге енсін.

Бір тал кессен,...он тал ек.

5. Атаңнан мал қалғанша,...тал қалсын.

6. Бұлақ көрсөн,...көзін аш.

Тақпақтар: Медина

Қыс қыр асып кетті аулақ,
Шығады енді көк қаулап.
Наурыз тойы басталды,
Жерошақта от лаулап.

Думан

Елден ырыс кетпесін!
Ешкім үайым шекпесін.
Араздасқан ағайын,
Ұмытсын реніш, өкпесін.

Айсәule

Күлімдеді көкте күн.
Тез өссін деп еккенім.
Арық салдым әкемнің
Қолыма алып кетпенін.

Мұхаммеджан

Қылаусыз кешегі қар жүзін,
Айғыздап соңымда қалды ізім.
Тым ыстық көктемім жаныма,
Тыныштық әкелсін Наурызым.

Кәүсар

Наурыз айы – жыл басы,
Тұнып тұрған береке,
Ай туғанда жылда осы,
Біздің елде мереке.

Мұстафа

Білсең шіркін сезіне,
Наурыздағы күн қандай!
Табиғаттың өзі де,
Той өткізіп тұрғандай...

Тәрбиеші: Айта берсек таусылмас,
Мереке де ән жырымыз,
Кел одан да халайық,
Ойын ойнайық жаңа бір.

Ойын: «**Күш сынаспақ**» **Шарты:** Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

«Бүркіт» ойыны

Бұл ойында икемді, оралымды бала жеңіске жетеді. Себебі, бала жүресіне отырып, екіқолын қанатша жайып, еңкейіп жердегі тақияны аузымен іліп алу.

Тәрбиеші: Энім де,саған биім де.

Құт қонақ өзің үйімде.

Қуаныш сыйлап еліме.

Күлімде,наурыз күлімде.

Тәрбиеші: Ұлдарымыздың орындауында «Батырлар» би.

Ойын: 1.«Жаяу тартыс» ойыны

Бұл ойынға бойы жағынан шамалас екі бала қатысады. Екеудің бір-біріне арқасын беріп түзу

сызықтың екі жағына тұрады. Екі ұшын байлаған арқанды түйінін ортасына келтіріп екі ойыншы да иық арқылы қолтықтың астынан өткізіп алады

Бір, екі, үш...

«Үш» дегенде екі ойыншы да арқанды өз жағына тартады. Қарсыласын сзықтан асырғанша тартқан ойыншы жеңеді.

2. «Тауық күрес» ойыны.

Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі.Оның ең қызығыда,басқаша күрестен айырмасы да –тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп,иықтарын қағып күресуінде.Бұл күрес балалардың нық басып,орнықты жүруін жетілдіреді.Күрестің 1 аяғын тізесін бүгіп,матта белбеуін байлан тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса ,сол ұтылады.

Тәрбиеші: Наурыз күні той думан.

Ортамызды ашайық.

Думандатып би билеп.

Інжу маржан шашайық.

Тақпақ:

Дильфұза

Келді наурыз, гүл-көктем,

Төгіледі нұр көктен.

Наурызды тойлайды ел,

Шаттық толы дүрмекпен.

Әлинүр

Ауылымама көшет түрғыздым,

Ық болсын деп боранда.

Қасында тұрса жұлдызың

Айда үайым болар ма?

Аяла

Қылтияды қар астынан шөп басы.

Еріген күн Самарқанның кек тасы.

Әз Наурыз құтты болсын мерекен,

Болсын аман әр шаңырақ, отбасы.

Айбархан

Жер жаңарып сұлулықтың лебі есіп,

**Күлімдеген Күн менен Ай тәңесіп.
Төс қағысып кешіреді бір-бірін,
Кеткен жандар араздастып егесіп.
Әдемі**

**Әлімсақтан наурыз жылдың басы,
Анық енді Ұлыстың ұмтылмасы.
Әсте түсіп көрген жоқ
Ауылымның,**

Айлин

**Наурыз келді ауылға нарға мініп,
Қаңқылдап жүр аспанда қарға күліп.
Жадырайды дүние жарқылдайды,
Жақын келіп қалғандай алдағы үміт.**

Абдулла

Қарлы боран

Ығысып жер бетінен,

Наурыз келді

Керемет келбетімен.

Бағдәulet

**Көктемім — көркем арманым,
махабbat, мәлдір таңдарым.**

**Наурызым жақса шамдарын,
жайдары, жарқын жан-жағым.**

Исмайл

Осы орман тіршілік,

Кеүдесін тосты шұаққа,

Сабидей тәтті тіл шығып,

Еркелік бітті бұлаққа

Тәрбиеші: Ұлы күні ұлыстың,

Құтты болсын халайық.

Күй төгілсін, күй төгілсін.

Шырқап әнге салайық.

Тәрбиеші: Асылым мен Қәусар қыздарымызды «Қамажай» биімен қарсы алыңыздар.

Тәрбиеші: Наурыз құтты болсын,

Дендерінің сау мықты болсын.

Әр шаңараққа шаттық толсын.

Көріскенше күн жарқын болсын.

Осымен ертеңгілігіміз аяқталды. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

